



EGEMEN QAZAQSTAN

Жүз жылдық жылнама

№53 (30282) 18 НАУРЫЗ, ЖҰМА 2022 ЖЫЛ

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Ынтымақтастық нығая береді



Суреттерді түсіргендер: А. ДИКЕНБЕК, Г. ГОМБЕКОВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа қайта құру және даму банкінің президенті Одиль Рено-Бассомен бейнебайланыс режимінде кездесу өткізді, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Кездесу барысында транзиттік тасымал, экономиканы декарбонизациялау, қаржы секторы салаларындағы бірқатар инвестициялық жобаны Қазақстанда жүзеге асырудың перспективалары талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа қайта құру және даму банкімен арадағы тиімді әрі ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың өң қарқынына көңілі толатынын атап өтті. – Өзара ықпалдастық аясында зор нәтижелерге қол жеткіздік. Қазақстан Үкіметі мен Еуропа қайта құру және даму банкі арасындағы тиімді ынтымақтастық одан әрі нығая беретініне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы. Одиль Рено-Бассо Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен жүргізіліп жатқан реформаларды, 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауда айтылған бастамаларды қолдайтынын жеткізді. Еуропа қайта құру және даму банкінің бастамалары аясындағы ынтымақтастықты дамытуға дайын екенін нақтылады. Әңгіме соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Одиль Рено-Бассоны Қазақстанға кезекті рет сапармен келуге шақырды.

Елорданы дамыту жөнінде тапсырмалар берді



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновті қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаев елорданың әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуы жөнінде мәлімет берді. Президентке биыл 28 500 жұмыс орнын ашу жоспарланып отырғаны баяндалды. Оның 24 мыңы тұрақты жұмыс орны болмақ. Сонымен қатар инженерлік желілерді жаңғырту, көпірлер мен жолдардың құрылысы, тұрмысы төмен азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету, шағын және орта бизнесті қолдау мәселелері туралы айтылды. Қала әкімінің айтуынша, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес тұрғын үйлер жағдайын жақсарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Атап айтқанда, кезекте тұрған азаматтарға әлеуметтік пәтерлер салынады. Бұдан бөлек, биыл 300-ден астам отбасы апатты жағдайдағы тозығы жеткен тұрғын үйлерден көшіріледі. 16 мың үлескердің 13 мыңының мәселесі шешіліп, құрылысы ұзаққа созылған нысандардың жұмысын аяқтауға инвесторлардың жеке қаражаты тартылған. Сонымен қатар білім беру орындары, медициналық орталықтар және басқа да әлеуметтік нысандар салынады. Қасым-Жомарт Тоқаев әкімдіктің жұмысын мақұлдап, елорданы дамыту мен абаттандыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

РЕСМИ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН: 1. Қазақстан Республикасының азаматтарын Украинадан эвакуациялау жұмыстарын сәтті ұйымдастырғаны үшін наградталсын:

- III дәрежелі «Барыс» орденімен Калетаев Дархан Аманұлы – Қазақстан Республикасының Украинадағы Төтенше және Өкілетті Елшісі; I дәрежелі «Айбын» орденімен Қызыр Думан Манарбекұлы – Қазақстан Республикасының Украинадағы Елшілігінің кеңесшісі; II дәрежелі «Достық» орденімен Қаражанова Макка Сағынғалиқызы – Харьков қаласындағы қазақ диаспорасының жетекшісі, Украина; Маслюк Галина Дмитриевна – Қазақстан Республикасының Львов қаласындағы құрметті консулы, Украина; «Құрмет» орденімен Әлібеков Аслан Аманжолұлы – Қазақстан Республикасының Украинадағы Елшілігінің кеңесшісі (консулдың міндетін атқарған); «Ерен еңбегі үшін» медалімен Жаманқұлов Рүстем Тұңғышбайұлы – Қазақстан Республикасының Молдова Республикасындағы Елшілігінің Уақытша сенімді өкілі; Кагенов Азамат Мағжанұлы – Қазақстан Республикасының Румыниядағы Елшілігінің атташе – консулы; Маманов Дархан Серікұлы – Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігінің екінші хатшысы – консулы; Сәбитұлы Бекзат – Қазақстан Республикасының Польша Республикасындағы Елшілігінің бірінші хатшысы – консулы; «Шапағат» медалімен Амангелдин Руслан Берекеұлы – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің департамент директорының орынбасары; Денисенко Анна Владимировна – Қазақстан Республикасының Украинадағы Елшілігі консулының көмекшісі; Қаржаубаев Азамат Құдайбергеноұлы – Қазақстан Республикасының Украинадағы Елшілігінің екінші хатшысы; Тұяқбаев Шыңғыс Ермекулы – Қазақстан Республикасындағы волонтерлік корпусының жетекшісі.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті К.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 17 наурыз № 837

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН: 1. Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері үшін:

- жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз тапсырылсын: Жақанов Илья – жазушы, Атырау қаласы; 2. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін: жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріліп, айрықша ерекшелік белгісі – Алтын жұлдыз бен «Отан» ордені тапсырылсын: Шарманов Төрегелді – Қазақ тағамтану академиясының президенті, Алматы қаласы; 3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті К.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 17 наурыз № 838

Еліміздің бірқатар азаматы мемлекеттік наградалармен марапатталды

Наурыз мерекесі қарсаңында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына қосқан елеулі үлесі, белсенді қоғамдық қызметі, азаматтарды қорғауда және құтқаруда көрсеткен жеке жанқиярлығы, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге көрсеткен көмегі үшін еліміздің бір топ азаматтары мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында өндіріс, денсаулық сақтау салаларының қызметкерлері, бизнес өкілдері, мәдениет және ғылым қайраткерлері, спортшылар, волонтерлер бар.

«Қазақстанның Еңбек Ері» атағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік-гуманитарлық дамуындағы аса үздік жетістіктері үшін жазушы Илья Жақановқа, еліміздің денсаулық сақтау саласын дамытудағы аса үздік жетістіктері үшін Қазақ тағамтану академиясының президенті Төрегелді Шармановқа берілді. «Отан» орденімен ақын Нұржан Светқали; I дәрежелі «Барыс» орденімен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Жанарбек Мәлібекұлы, ақын Нұрлан Оразалин; III дәрежелі «Барыс» орденімен Алматы облысы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы Ахметжан Шардинов, Күрес федерациясының президенті Дәулет Тұрлыханов, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Дихан Камзабекұлы, Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Ләззат Тұрлашов және басқалар наградталды. «Парасат» орденімен мәдениет, ғылым және білім қайраткерлері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері марапатталды. Олардың қатарында Ұлттық ғылым академиясының мүшесі Кәрімбек Құрманәліев, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің аға оқытушысы Павел Афанасьев, Парламент Мәжілісінің депутаттары Берік Әбдіғалиұлы, Еділ Жаңбыршин бар.

(Соңы 3-бетте)

МЕМЛЕКЕТТІК МӘСЕЛЕ

Ұлттық мүдде қандай болуға тиіс?

Елордада Сенат ғимаратында «Ұлттық мүдде: Диалог алаңы» атты зиялылар мен сарапшылардың отырысы өтті. Іс-шара Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамаларын, саяси-экономикалық реформаларын жан-жақты талқылау, стратегиялық мақсат-мұраттарын қоғамға түсіндіру, насихаттау мақсатында құрылған. Дөңгелек үстелге Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Парламент депутаттары, сарапшылар, мемлекет және қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері қатысты. Жиынды Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Бейбіт Исабаев жүргізді.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ, Бану ӘДІЛЖАН, «Egemen Qazaqstan»

Мәулен ӘШІМБАЕВ, Сенат Төрағасы: – Қазіргі таңда елімізде үлкен тарихи кезең басталды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен Жаңа Қазақстанды құруды қолға алдық. Бұл күрделі өзгерістердің жеделдеуіне Қасиретті қаңтар оқиғасының да әсері зор болғаны белгілі. Ендігі жерде өткен қайғылы оқиғаларды сапартап, олардан дұрыс қорытынды шығару аса маңызды. Бұл біздің баянды болашағымыз үшін шешуші мәнге ие. Жаңа Қазақстанды құру жолында депутаттарға зиялы қауыммен, ақын-жазушыларымызбен, ғалымдармен ақылдасып, пікірлесіп отырудың маңызы зор. Сол мақсатпен Сенат жанынан жаңа диалог алаңын құрып отырмыз. Оның атын «Ұлттық мүдде» деп атауды жөн көрдік. Қазір әртүрлі пікірталас алаңдары жетерлік екені белгілі. Біздің жобаның ерекшелігі – депутаттар мен зиялы қауым өкілдерін тарта отырып, ұлттық мүддемізге, ұлттық құндылықтарға, ұлттың болашағына қатысты маңызды мәселелерді талқылау және осы

бағыттағы нақты іс-шараларды анықтау. Әрі қарай олардың жүзеге асырылуына ұйытқы болу. Осындай мақсатпен жаңа диалог алаңын ұйымдастырып отырмыз. Оның жұмысына өздеріңіз, басқа да азаматтар белсенді қатысады деп сенеміз.

Жалпы, еліміз үшін зиялы қауым өкілдерінің орны қашанда ерекше. Олар қай кезеңде де халықтың жанынан табыла білген, елдің мұнын билікке жеткізуші дәнекер болған. Зиялы қауымның ұлтымызды қаншама тар жол, тайғақ кешулерден сүріндірмей алып шыққаны да тарихтан белгілі. Бұл ретте, әсіресе өткен ғасырдың басындағы Алаш зиялыларының орны бөлек. Елдік мұрат, ұлттық мүдде жолындағы істерде зиялы қауым әрдайым алдыңғы шепте табыла білді. Қазір еліміз үшін өте маңызды кезең. Тәуелсіздік тарихындағы ең қиын сынақты өңсеп келеміз. Осындай уақытта зиялылардың пікірлері және қоғамдық позициясы өте маңызды.

(Соңы 4-5-беттерде)